



ЕЛ

БОЛАШАҒЫНЫҢ КЕПІЛІ

Тәуелсіз еліміздің тұңғыш Президенті, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: «Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы бүкіл елдің сапалы түрде қайта жаңғыруына негіз бола алатын идеялық бастау.

Жаңғырудың негізгі қызметі мен ерекшеліктерінө, маңыздылығына ой жүгіртіп қарасақ: «Жаңғыру атаулы бұрынғыдан тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қыыннан қыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды».

Саяси, экономикалық реформаларда егеменді еліміз бірқатар жақсы нәтижелерге қол жеткізді. Ол адами құндылықтар, рухани қазына, жастарды тәрбиелеу, олардың бойына патриоттық рухты сіңіре білу жұмысында рухани салаға басымдық берудің қажеттілігін алға қойып отыр. Бұл дегеніміз – ұлттық салт-дәстүріміз, мемлекеттік тіліміз бен әдебиетімізді, мәдениетімізді, ұлттық рухымызды жаңғырту деген асыл үғымға келіп саяды. Елбасының рухани жаңғыруға, руханиятқа, білім, ғылымға маңыз беруі – үлкен көрегендік пен ұлттың алға ілгерлеуін жылдам қарқынмен жылжытатын қозғаушы күш. Бұл – тәуелсіз еліміздің бақытты болашағы мен алаңсыз келешегі үшін жасалып жатқан жұмыс.

Бүгінде М.Әуезов атындағы ОҚУ-інде бағдарламаға сәйкес іс-шаралар күн тәртібінен түскен емес. Елбасы айтқандай, білім, ғылым, зияткерлік қабілет және сапалы еңбек арқылы бәсекеге қабілеттілікті арттырудың маңызы зор. Қазақ елінің бәсекеге қабілетті, жан-жақты дамуға үмтүлуги зәңдылық. Дегенмен, ең бастысы жаһандық өзгерістер кезеңінде біз ұлттық ерекшелігімізді, құндылығымызды сақтай білуіміз керек. XXI ғасырдағы рухани жаңғырудың мәні де осы болмақ.

**Қ. МАМБЕТОВ,
М.Әуезов атындағы ОҚУ-нің техникалық
мамандықтарға арналған дене тәрбиесі
кафедрасы оқытушысы**